

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 қаңтардағы N 62 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 31 қазан N 1638. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.08.16. N 1068 қаулысымен. ~P011068

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әлеуметтік экономикалық жағдайын бағалаудың жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әлеуметтік-экономикалық жағдайын бағалаудың рейтингтік жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 қаңтардағы N 62 P000062\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 2, 24-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Облыстардың, Астана және Алматы

қалаларының әлеуметтік-экономикалық жағдайын бағалаудың рейтингтік жүйесін енгізу ережесінде:

3-тармақта "Ауыл шаруашылығы министрлігі" деген сөздерден кейін ",Білім және ғылым министрлігі" деген сөздермен толықтырылсын, "20" деген сан "25" деген санмен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әлеуметтік-экономикалық жағдайын бағалаудың рейтингтік жүйесі ережесіне қосымшада:

мынадай мазмұндағы 17-тармақпен толықтырылсын:

"17. Мектептерде оқумен қамтылмаған, Қазақстан Республика-  
мектеп жасындағы балалар санының сының Білім және  
төмендеуі (өсуі), қаралып отырған ғылым министрлігі және  
кезеңнің басына қатысты алғанда, оның Статистика жөніндегі  
соңына, %-бен\*\*\*\* агенттігі, облыстардың,

Астана және Алматы  
қалаларының әкімдері"

Ескерту мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"\*\*\*\*\* - облыстық (қалалық) медициналық-педагогикалық комиссиялардың қорытындылары бойынша денсаулық жағдайына байланысты оқытуға жатпайтын балалар енгізілмейді".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Омарбекова А.Т.